



«ӘРБІР ЖОБАНЫҢ ТҮРҒЫНДАРҒА ПАЙДА ӘКЕЛГЕНІ МАҢЫЗДЫ»

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету мақсатында құрылған алғашқы әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының (ӘКК) құрылғанына биыл 15 жыл толды. Бүгінгі таңда мұндай құрылымдар барлық аймақтарда жұмыс жасауда. Соның бірі – Алматы облысындағы «Қонаев» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы». Осыған орай корпорация төрағасы Мұрат Абдығұловпен сұхбаттасқан едік.

– Мұрат Кеңесұлы, өзіңіз жетекшілік ететін «Қонаев» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы қызметіндегі негізгі басымдықтар қандай?

– Біздің басты мақсатымыз – өңірдің кешенді әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру. Бұл ауыл шаруашылығын қолдауды, инфрақұрылымды дамытуды, халықтың өмір сүру сапасын арттыруды және жаңа жұмыс орындарын құруды қамтиды. Біз мемлекеттік бағдарламалар аясында да, жеке инвестицияларды тартуға бағытталған бастамалар бойынша да белсенді жұмыс істеп келеміз.

– Тұрғындары түгелдей дерлік ауылдық елді мекендерде тұратын облыста ауылдық аумақтарды қолдауда қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіздер?

– Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша 2023 жылдың мамырынан бастап мыңнан астам несие берілді. Биыл бірінші жартыжылдықта тағы 188 несие рәсімделді. Бұл ауыл кәсіпкерлеріне 36 мыңнан астам мал, ауыл шаруашылығы техникасын және шағын бизнеске арналған жабдықтар сатып алуға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОР – мемлекет мен қоғам арасындағы басты дәнекер



Түркістан қаласында облыс прокуратурасының бастауымен алғаш рет 500 ауданаралық учаскелік полиция инспекторларының қатысуымен жиын өтті. Жиынға облыс әкімі Нұралхан Көшеров, облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев, полиция департаментінің бастығы Мұрат Қабденов және басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жергілікті атқарушы орган мен БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде учаскелік инспекторлардың рөлін арттыру, тәжірибе алмасу және құқықтық тәртіпті нығайту. Жиынға қатысушылар учаскелік полиция қызметінің өзекті мәселелерін, қылмыстың алдын алу тетіктерін және азаматтармен тиімді өзара іс-қимыл жолдарын талқылады.

БІЛГЕН ЖӨН

Некені біржақты бұзу тәртібі

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 16 шілдедегі ҚР Заңы негізінде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекске түзетулер енгізді.

Бұл түзетулер қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысын сот санкциялаған күннен бастап үш жылдан астам халықаралық іздестіруде болса (ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан), ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші

органдарда некені бұзу мүмкіндігін көздейді.

Басқаша айтқанда, егер ерлі-зайыптылардың бірі сот санкциясынан кейін үш жылдан астам уақыт бойы халықаралық іздеуде болса неке біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

Енгізілген өзгерістер 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Осы өзгерістерді іске асыру



мақсатында қазіргі уақытта заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу жоспарлануда, сондай-ақ азаматтық хал актілерінің күшін жою және қалпына келтіру қағидалары өзектендірілуде (Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №112 бұйрығы).

Осылайша, енгізілген өзгерістер неке-отбасы қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіруге, сондай-ақ жұбайлардың бірінің орналасқан жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі

3-бет



Егер заңға тіл бітсе, ол ең алдымен заңшыларды айыптар еді

4-бет



Бастамалар әлемдік саясатта басымдыққа ие

8-бет



Жоғалған мәйіт

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Шара барысында үздік қызметкерлер марапатталып, кәсіби дағдыларды жетілдіруге бағытталған семинарлар өткізілді. Мұндай кездесулер қоғам мен полиция арасындағы сенімді нығайтып, қауіпсіз орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Учаскелік инспекторларға қатысты мәселенің арнайы слет тақырыбына өзек етілуі тегін емес. Себебі, құқық қорғау саласының алғы шебінде жүретін бұл мамандардың жұмысына қатысты түйткілдер аз емес. Оны Түркістан облысының прокуроры Мұрат Әжинұрлы жан-жақты көрсетіп берді. Ауқымды мәселені көтерген облыс прокурорының пайымын «Заң газеті» арқылы оқырманға жеткізіп, ой салуды жөн көрдік.

«Заң мен тәртіп: Учаскелік полиция инспекторы – қауіпсіздік кепілі»

Аймақтың барша учаскелік инспекторларының басын қосып, міндеті мен мәселелерін талқылауға арналған слет республикада тұңғыш рет өткізіліп отыр. «Мың қадам бір қадамнан басталады» демекші, бұл жиын – учаскелік инспекторлар қызметіндегі түйткілдерді тарқатуға бағытталған алғашқы ізденіс, маңызды талпыныс.

Осы ауқымды шараға мұрындық бола отырып облыстық прокуратура: учаскелік инспекторлар жұмысындағы қиындықтарға тереңірек үңілуге; олардың қызметін мейлінше жандандыруға; күнделікті кездесетін кемшіліктерді бірігіп шешуге; қоғамдық қауіпсіздікті сақтау ісінде күш біріктіруге; басқа құзырлы органдар мен учаскелік инспекторлар арасындағы әріптестік байланысты жандандыруға басымдық беруді көздеді.

Учаскелік инспекторлар – халық пен мемлекет арасындағы алтын көпір. Мұны Мемлекет басшысы да әділ бағалап, 23 маусымда өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде: «Учаскелік инспекторлардың әлеуетін одан әрі нығайту қажет. Себебі олар іс жүзінде мемлекет мен қоғам арасындағы басты дәнекер саналады. Әсіресе, бұл ауылдық жерде анық байқалады. Өйткені жергілікті тұрғындар үшін учаскелік инспектор – қорғаушы, құқықтық кеңесші, тіпті, әділдік сұрап жүгінетін соңғы инстанция» – деп бұл лауазымның құқық қорғау саласындағы маңызына ерекше тоқталды.

Расында, учаскелік полиция инспекторларының қоғамның қауіпсіздігін сақтаудағы рөлі зор. Учаскелік инспекторлар: әр аймақтағы халықтың қорғаны, қауіпсіздіктің кепілі; заңның сақталуын қадағалаушы ғана емес, заңның талаптарын түсіндіруші; ортаның тыныштығын сақтап қоймай, әр тұрғынға жанашырлықпен құқықтық кеңес беруші; теріс жолға түскендерді түзеуші, қылмыстың алдын алушы.

Тізе берсек, учаскелік полиция инспекторларының қызметі де ауқымды, жұмысының

жауаптылығы да ұшан-теңіз. Ең бастысы, осы салаға өмірін арнаған мамандардың бәрі күнделікті қылмыспен бетпе-бет келеді, небір қанқұйлы қылмыстардың ашылуына түрткі болады.

Президенттің жоғарыдағы алқа мәжілісінде «Ауылдағы учаскелік инспекторларға шен берген кезде жеңілдік жасап, яғни бір жылдық еңбек өтілін 1,5 жыл деп есептеу қажет. Ауылдағы учаскелік инспекторларды баспанамен қамтып, материалдық-техникалық базасын нығайту керек. Өңір әкімдері осы мәселеге мұқият назар аударғаны дұрыс» деуі де бұл саладағы мамандардың еңбегін жоғары бағалайтынының жарқын дәлелі.

Ел тыныштығын қамтамасыз етіп, қоғамдық тәртіпті сақтау – учаскелік инспекторлардың міндеті. Әлбетте, олар бұл міндетті атақ алып, жоғары мәнсапқа жету үшін емес, ел алдындағы борыштарын адал атқару үшін жасап жүргені даусыз. Бүгінде Түркістан өңірінде 782 учаскелік инспектор бар. Оларға Түркістан облысының 2 млн астам тұрғынының тыныштығын қорғап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктелген. Бұл – үлкен жүктеме.

Қолданыстағы нормативтерге сәйкес қалаларда бір учаскелік бөлімше 2 300 адамға қызмет көрсетуі тиіс. Ал ауылдық жердегі жүктеме 1 800 адамды құрайды. Алайда іс жүзінде қалалардағы жүктеме бір учаскеге 4000 адамға дейін, ауылдық жерлерде 5000 адамға жетіп жатады. Мұндай үлкен жүктеме учаскелік инспекторлардың өз міндетін сапалы, мінсіз орындауын айтарлықтай қиындатады. Әрі біздің аймақта көптеген ұлыстардың күн кешетінін ескерсек, учаскелік инспекторлардың жауаптылығы еселене түседі. Сонда да болса өзіне артылған сенімге сызат түсірмеу үшін түн қатып, күн көрмей, бел шешпей жұмыс істеп жүрген әріптестердің үлгі аларлық, өнеге боларлық істері көп.

Жоғары жүктемемен жұмыс істегеніне қарамай, үздіктер қатарынан көрініп жүрген учаскелік инспекторлар қаншама. Солардың бірі Келес аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы



УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОР – МЕМЛЕКЕТ МЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ БАСТЫ ДӘНЕКЕР

Бекжігіт Асабаев ҚР ИІМ ұйымдастырған республикалық конкурста «үздік учаскелік инспектор» атанған еді. Республикадағы әріптестерінің көшін бастаған маманның еңбегі аймақтағы учаскелік инспекторлардың жоғары кәсібилігі мен тиімді жұмысының көрсеткіші болса керек.

Десек те, құқық қорғау саласының драйвері болып отырған учаскелік инспекторлардың мәртебесін арттырып, маңызын көтеруге, жұмысын жүйелеп, қызметін сапалы ету бағытында әлі де атқарылуы, пысықталуы, талқылануы керек мәселелер бар. Және бұл мәселелер айтылуы, зерттелеуі, көп кешікпей шешілуі керек. Слеттің негізгі мақсаты да осы.

Биылғы алты айда ҚК 108-1, 109-1 баптарының 1-бөліктерімен тіркелген 201 қылмыстық теріс қылықтың 88-і бойынша тергеу әрекетін анықтаушылар және тергеушілер жүргізген.



Мұндай істерді учаскелік полиция тірек-пунктерінде тергеп-тексеруге қажетті құрал-жабдық жоқ. Қарапайым компьютер, стилус, арнайы интернеттің өзі қарастырылмаған. Одан бөлек, жаңа міндет жүктелген учаскелік полиция инспекторларына тергеу жүргізуді оқыту, үйрету де назардан тыс қалған. Соның салдарынан, учаскелік полиция инспекторлары өздеріне жүктелген істер бойынша тергеп-тексеру жүргізуді талапқа сай жүзеге асыра алмайды.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, мақсатқа жету үшін заң шығарып, міндет жүктеу аз. Өйткені жұмыстарды атқарудың алгоритмін түзіп, әр қадамды пысықтамай алға басамыз деу қате. Сондықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша жұмыс істеудің де тәртібі анық, тұжырымы нақты, заңдылығы мінсіз болуы шарт.

Сонда ғана учаскелік инспекторлардың жұмысы өнімді болмақ.

Екіншіден, облыстың қала, аудандарында халық көп шоғырлануына байланысты, учаскелік полиция инспекторларының штаты жетіспейді. Мысалы, Сауран ауданында 110 000 халыққа 30 учаскелік инспектор қызмет атқарады. Сонда норматив бойынша 25 учаскелік инспектор жетіспей тұр. Мұндай мәселе барлық қала, аудандарда кездеседі.

Үшіншіден, қала, аудандардағы учаскелік полиция тірек-пунктерінің жағдайы сын көтермейді. Учаскелік инспекторлар отырған ғимарат – қауіпсіздіктің, заңдылықтың ордасы, көмек күткен халықтың мықты қорғаны болуы тиіс. Ал өңірдегі ғимараттардың көбі талапқа сай емес. Мысалы, Сарыағаш ауданындағы барлық учаскелік полиция тірек-пунктері ескі, шатырынан су өткен, ғимарат терезелері жарам-

спекторлар мен басқа құзырлы органдар арасындағы әріптестік байланысты жандандыру мәселесі де ұмыт қалмауы керек. Себебі жүргізілген талдау барысында учаскелік инспекторлар мен жергілікті атқарушы органдардың құқық бұзушылық профилактикасы бағытында бірігіп іс-шаралар өткізбейтіні, өзара нақты байланыс орнатылмағаны анықталды. «Илегеніміз бір терінің пұшпағы» болғандықтан, қылмыспен күресте барлық құзырлы органдардың бірігіп қызмет еткені, жұмылып жұмыс жүргізгені тиімді.

Тоғызыншыдан, учаскелік инспекторлардың еңбекақысын көбейту және көрсеткен нәтижесіне қарай үстемеақылар енгізу, құжат айналымын цифрландыру арқылы азайту, халықпен байланысты нығайту, оқыту жүйесін жетілдіру де бүгінгі жағдай қажет етіп отырған тетіктің бірі.

Міне, учаскелік инспекторлар жұмысындағы атап өтуді, шұғыл шешуді қажет ететін олқылықтар осы. Кемшілікті көрсеткен соң, оны реттеудің механизмдерін ұсыну да орынды. Осы ретте учаскелік полиция инспекторларының жұмысын күшейту үшін:

1. Материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз етуді арттыру;
2. Әкімшілік жүктемені азайту;
3. Жалақы мен мотивацияны арттыру бойынша жүйелі жұмысты жасау;
4. Оқыту және біліктілікті арттыру да сапалы жұмыс кепілі болып табылады. Соның ішінде: Учаскелік инспекторлардың конфликтология, медиация, құқық бойынша біліктілігін көтеріп, үздік нәтижеге жеткен өңірлермен тәжірибе алмасуына жағдай туғызу керек.

5. Халықпен өзара іс-қимыл да – басты мәселе. Мұнда тұрғындармен тұрақты кездесулер ұйымдастыру; «Халықтық полиция» чаттарын жолға қою өзекті.

6. Учаскелік инспекторларының жұмысы туралы ақпаратты кеңінен тарату;

7. Учаскелік инспекторлар жұмысының сапасын көтеру үшін учаскелерді оңтайландыру, азаматтардың пікірлері арқылы жұмысты бағалаудың да нәтижесі мол болмақ.

Учаскелік полиция инспекторы – халық пен полиция арасындағы сенімді өкіл. Халықтың заңдылыққа, теңдікке, қауіпсіздікке қатысты пікірі мен көзқарасы осы учаскелік инспекторлардың білімі мен білігіне, кәсіби шеберлігі мен еңбекқорлығына қарап қалыптасады.

Халық учаскелік инспекторды қорғаным деп біледі. Халық үшін білік те, полиция да, заң да – учаскелік инспекторлар! Сондықтан, бұл дауазым иелері мемлекеттің, полицияның беделіне ұқсан келтірмейтіндей адал да абыройлы қызмет етуі шарт. Ал прокуратура оларды қолдауға, әріптестік көмек беруге әзір!

Осыған орай жергілікті билік өкілдері мен білім ордаларының жетекшілерінің, медициналық мекемелер мен әлеуметтік қорғау қызметтерін, діни және жастар ұйымдарын учаскелік инспекторлармен етене жұмыс істегені маңызды. Аймақ қауіпсіздіктің бесігі болуы үшін, тыныштықты сақтауды тек учаскелік инспекторлардың мойнына артып қоймай, барлық құқық бұзушылықпен «бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол» шығара отырып күрескен орынды.

Т.ИБАСHEBA,
«Заң газеті»

САЛАУАТТЫ ЕЛ

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ БОЛАШАҒЫ

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның басты басымдықтарының бірі – жасөспірімдер мен жастардың репродуктивтік денсаулығын қорғау.

Соңғы жылдары елімізде, әсіресе қыздар арасында ерте жүктілік, бала туу және аборт мәселелері алаңдатуда. Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша, бұл көрсеткіштер бірқатар облыстарда жоғары деңгейде.

Осыған байланысты Ұлттық комиссия шешімімен жергілікті атқарушы органдар, дәрігерлер, педагогтар, сарапшылар, ата-аналар және азаматтық қоғам өкілдері қатысатын арнайы семинарлар өткізілуде.

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова Маңғыстау облысында «Жастар мен жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын сақтаудың тиімді жолдары» тақырыбында семинар өткізді.

«Ана мен баланы қорғау, ұлт денсаулығын сақтау – еліміздің табысты болашағының іргетасы. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуда инновациялық тәсілдерді



енгізу – мемлекеттік саясаттың басты қағидаттарының бірі. Нәресте, бала және ана өлімін азайту, ерте жүктіліктің алдын алу – денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігінің негізгі көрсеткіші болуы тиіс», – деді Ж. Сүлейменова.

Бұрын емханалар жанынан жұмыс істеген жасөспірімдерге арналған арнайы бөлімшелер денсаулық сақтау реформасынан кейін жабылып қалған. Қазір бұл қызметтерді қайта ашу мәселесі күн тәртібінде тұр. Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы жұмыс істейтін 4 Жастар денсаулығы орталығы толық пайдаланылмай отыр.

2024 жылы БҰҰ Халық қоры (ЮНФПА) жүргізген сауалнамада қазақстандық жастардың көпшілігі жыныстық денсаулық туралы ақпа-

ратты интернет пен әлеуметтік желіден алатын анықталды.

Мәселені шешуде тек дәстүрлі сабақтармен шектелмей, цифрлық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану өзекті. Ата-аналармен жұмысты күшейту және мектептегі тәрбие сағаттарының мазмұнын жетілдіруге көңіл бөлу қажет.

Отбасын қолдау орталықтарының жұмысын кеңейту шарт. Семинарда әр қатысушы өз пікірін айтып, ұсыныстарын ортаға салды. Бір жыл бұрын ашылған отбасын қолдау орталықтарының мақсаттары, жұмыс жүйесі және тәжірибесі егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Шараға Маңғыстау облыстық білім, денсаулық сақтау, жастар саясаты, дін істері, ақпарат және қоғамдық даму басқармаларының

өкілдері; қала және аудан әкімдерінің әлеуметтік салаға жауапты орынбасарлары; құқық қорғау органдарының кәметелке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау және отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімі қызметкерлері; педагог-психологтар, мектеп медбикелері, колледж және мектеп директорлары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары; ата-аналар комитеті және БАҚ өкілдері, аналар кеңестерінің мүшелері қатысты. Олар бірауыздан басты мақсат – жастардың дені сау, саналы, білімді, өмірлік дұрыс таңдау жасай алатын ұрпақ болып қалыптасуы маңызды деген ұйғарымға келді.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы



ОЙТАЛҚЫ

ЕГЕР ЗАҢҒА ТІЛ БІТСЕ, ОЛ ЕҢ АЛДЫМЕН ЗАҢШЫЛДАРДЫ АЙЫПТАР ЕДІ

XVIII ғасырдағы әйгілі ағылшын әдебиет сыншысы Самюэл Джонсонның «Заң дегеніміз – адамдардың тәжірибесін қоғам игілігіне пайдаланатын адамдық даналықтың жоғарғы көрінісі» деген сөзі бар. Алайда қазіргі кезде жаһандануды желеу етіп, өзінің ұлттық-болмысынан, ата-бабадан мирас болып келе жатқан салт-дәстүрі мен ырым-тыйымдарынан безінушілер қатары күн өткен сайын ұлғайып келе жатыр. Бұған жазылмаған кейбір заңдардың жазылған заңдардан да қатаңрақ болуы түрткі болып отыр.

Өйткені адамзат тарихындағы бүкіл заңдардың негізі әрбір халықтың дүниетанымы мен соның негізінде қалыптасқан ырым-тыйымдарынан басталады. Біреулер оны атадан балаға аманат етіп, сақтап, ары қарай дамыта алса, екіншілері түрлі себеппен өзінің өткенін ұмытқандықтан, тек бүгінгі күнмен өмір сүруде. Сондықтан өзінің ұлттық келбетін сақтап қалғандар, дербестігін де жоғалтпай мемлекеттің жалғастыруда.

Қазір мемлекет ұғымының өзі әр елде әртүрлі ұғылады. Біреулер оны өзінің ұлттық тілі, мәдениеті және ата-бабадан мирас болып қалған жерімен байланыстырса, екіншілері оны өз өмірі үшін жасалған қолайлы жағдайлармен өлшейді. Бұл XVIII ғасырдағы тағы бір ағылшын публицисі Джордж Галифакстың «Егер заңға тіл бітсе, ол ең алдымен заңшылдарды айыптар еді» дегендей жағдайға әкелді.

Рухани құндылықтардан материалдық құндылықтарды жоғары қоюдың нәтижесінде техника мен технологиялық жағынан алда тұрғанымен, өзінің ұлттық тамырынан ажырап қалған бірқатар халық қазір төл мәдениетімен ерекшеленетін ішкі болмысымен мақтана алмайды. Тек жалааштанған сыртқы болмысымен ғана ерекшеленуде. «Көрмегенге көсеу таң» дегендей бұл «американдық арман» жетегіне еріп, «шексіз еркіндікті» аңсаушылардың жолына кедергі бола алмауда. Олар әділдік пен тәртіптің негізі ұлттық мәдениеттен бастау алатынын мойындағысы келмейді. Тіпті әрбір ортадағы ортақ құндылықтарды анықтап, оның бұзылмауын қадағалайтын заңдардың ең алдымен түрлі саланы қамтып жатқан философиялық ұғым екенін де елестерісі жоқ. Сондықтан XXI ғасырдағы жаһандық ықпалдастық ұлттық мәдениеттердің дамуына үлкен қауіп

төндіріп отырғанын айтып, дабыл қағып жатқандарды біреу түсінсе, біреу түсінуге тырыспауда.

Мұндай жағдай әсіресе, әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалған дамушы елдерде қатты аңғарылуда. Озық техника мен технологияны жылдам меңгеріп, оны өзінің тұрмыс салтына бейімдей алмаған халық өзінің ұлттық болмысынан айырылып, бірте-бірте өзгелерге жұтылып бара жатқанын кеш сезінуде. Сол себепті жаһандану жағдайында болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын алатын ырым-тыйымдар жүйесін қайта жаңғыртып, қолданыс аясын кеңейту өзектілігі Қазақстан үшін де маңызды болып отыр.

«Қазақ халқымен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан ырым-тыйымдар жүйесі қазақтың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тауып келгендігі шындық. Алайда, қазіргі таңда олар тұрмысымыздан алыстап, мән-мағынасы жұтап, қолдану аясы тарылып келеді. Бұл үрдіс еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан басталды. Осы уақыттан халқымыздағы барлық сакральді ұғымдар мен жөн-жоралғылар тезірек өше бастады. Оған сұраныстың болмауы да әсер етті. Тіпті, қазақтың бүкіл киелі ұғымдары мен салт-санасын, аңыз-эпсаналарын түгел терістеп, мансұқтаумен айналысатын діни жамағаттар пайда болды. Олардың әрекеті ұлттың рухани дүниетанымына соққылар жасады», – деген еді Ж.Мұстафина мен Қ.Борбасова әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысының «Дінтану» сериясының 2018 жылғы №1 (13) «Қазақтың ырым-тыйымдардың діни-философиялық астарлары» деген мақаласында. Олар мұнда этнограф Болат Бопайдың «тыйым көбінесе бұйрықты, бұйрық райлы келеді. Ал ырым – тыйымсөздердің мәнін түсіндіруден туады. Ырым –

жақсылықтың жаршысы сияқты, тыйым – жамандықтан, төніп келе жатқан қатерден сақтандырудан туған. Қазақ ешқашан тыйым сөздерді айтқанда көпше жалғау қоспайды. Себебі, тыйым сөз әрбір адамға, бесіктегі баладан бастап, еңкейген кәріге шейін жеке дара арналған. Бұл әр қазақ білуі керек асыл білім кеніші» деген пікірін де келтірген.

Ал 2016 жылы жарық көрген «Қазақ этнографиясы» деген кітабында Зейнолла Сәнік пен Жаннат Зейноллақызы жиһангездердің жазбаларына сүйеніп біздің заманымыздан бұрынғы X ғасырдан біздің заманымыздың алғашқы дәуіріне дейін қазақ даласын мекендеген саяқ, ұйсін, қаңлы елдерінің жазба заңдары болғанын жазды. Олардың пайымдауынша, кейін бұл үрдісті Шыңғыс хан өз мемлекетін құрған кезде ары қарай жетілдіріп, оны Кеңес негізінде құрғанын атап өтеді. Сондай-ақ Кеңестің негізі «Құрылтай» аталатын мәжіліс болғанын, ол ежелгі жұңғоның, иранның заңдарын, ислам шығармаларын тәржімалатып, өздерінің әдет-ғұрпына сай келетін жерлерін іріктеп алып, «Яса немесе ясақ» деген әйгілі заң кітабын жаздырғанын жазды. Ол кезде мұның әлемдік ықпалы аз болмаған. Түркияның «ясақли», «ясапай» сөздері және соған қатысты заң кітаптары Шыңғыс ханның «Яса-сынан» шыққан. Араб тарихшыларының «Әс-саяса-әл-кәбира» (үлкен саясат) шығармалары да сол «Яса» негізінде жасалған. Ал «Яса» заңында: «Әр алуан діндер, әртүрлі тайпа-ұлыстар тең құқықты, ұқсас құрметке ие болады», – деп дәріптелген.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде түрлі ұлт пен ұлысқа тән жәдігерлердің табылуы және барлық дін өкілдерінің зиярат орындарының болғаны қазақ жеріндегі мәдениет пен өркениеттің жоғары болуына мұндағы әділдік пен теңдіктің әсер еткенін дәлелдейді. Сондықтан халық арасында әлі күнге дейін сақталып қалған ырым-тыйымдар алдағы уақытта түрлі ғылым салалары бойынша зерттеліп, оған құқықтық тұрғыдан баға беріліп, ол сот билігінде ескерілетін болса, одан еліміз ұтпаса, ұтылмасы анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БІЛІМ

Қазақстанда соңғы уақытта қызу талқыланып жатқан мәселенің бірі – мектеп формасын міндетті түрде кию талабын жоюға бағытталған петиция. Әлеуметтік желілерде де, жалпы қоғамда да бұл бастама түрлі пікір тудырды. Петиция авторларының айтуынша, әр ата-ана мен оқушының жеке таңдау құқығы болуы тиіс. Олар «баланың мектепке таза, ұқыпты келуі жеткілікті, арнайы форма міндеттелмеуі керек» деп есептейді. Қолдаушылардың басты уәжі – ата-аналарға түсетін қаржылық ауыртпалықты жеңілдету. Әсіресе көпбалалы отбасылар үшін жыл сайын жаңа форма алу – үлкен шығын. Ал қарсы тарап бұл бастаманың оқушылар арасындағы теңдікті бұзатынын алға тартады. Олардың пікірінше, арнайы форма – мектептегі тәртіп пен бірлікті сақтайтын маңызды элемент.

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: Қыркүйек қарсаңындағы қарбалас

Қазақстанның әр өңірінде мектепке дайындыққа кететін шығын көлемі әртүрлі. Бір қалада ондаған мың теңгеден басталса, кейбірінде жүз мың теңгеге дейін жетеді. Шығынның негізгі бөлігі кеңсе тауарларына, мектеп формасына, аяқ киім мен спорттық жабдыққа жұмсалады. Жаңа оқу жылы қарсаңында елімізде оқушыны мектепке даярлау бағалары да төмен болып тұрған жоқ. Мәселен ұл балаларға арналған күнделікті мектеп формасына костюм (пиджак пен шалбар) – 13 500–15 000 теңге, жейде – 8 500 теңгеден, шалбар – 7 500 теңгеден басталады. Қыздарға юбка – 4 500–17 000 теңге, сарафан – 10 000–18 000 теңге, ақ кофта – 3 000–10 000 теңге аралығында тұрады. Аяқ киімнен: ұлдарға туфли – 11 000–20 000 теңге, қыздарға – 7 500–20 000 теңге. Қосымша футболкалар (1 800–5 000 тг), майкалар (1 000–1 500 тг) және бантиктер (300–1 000 тг) сатып алынады. Киім мен аяқ киім шығындары да айтарлықтай. Дене шынықтыру сабағына спорттық костюм – 12 500–18 000 теңге және кроссовкалар – 7 000–10 000 теңге қажет.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Әсел, төрт баланың анасы: – Мен төрт баланың анасымын. Әр оқу жылы жақындағанда мектеп формасын алу біз үшін үлкен қиындыққа айналды. Әр балаға бөлек форма, оған аяқ киімі мен спорттық киімі қосылады – соның бәріне айлық табысымыздың жартысына жуығы кетеді. Балаларымыздың білім алуы үшін дайынмын, бірақ бір түсті костюмді міндеттеп қою тым ауыр. Егер мектеп таза, ұқыпты киінуді талап етсе жеткілікті болар еді. Біз үшін бастысы – білім, ал киімнің түсі мен фасоны маңызды емес.



Марал, ата-ана: – Мен, керісінше, мектеп формасын сақтауды қолдаймын. Себебі балалардың бәрі бірдей киінеді, ешкім ешкімнен артық немесе кем болып көрінбейді. Қазіргі заманда бренд киімдер көп, әр ата-ана соны алуға тырысады. Бұл оқушылар арасында әлеуметтік бөлінушілікке әкелуі мүмкін. Ал форма бар жерде – тәртіп бар. Бала мектепке келгенде өзін оқушы ретінде сезінеді, басқа киіммен ол еркіндікке салынып, сабаққа немқұрайлы қарауы ықтимал.

Гүлмира ЖАЙЫМБАЕВА, мектеп мұғалімі: – Біздің тәжірибемізде мектеп формасы тәртіпті сақтауға үлкен әсер етеді. Оқушы мектепке келгенде бірден ортақ ортаға бейімделеді. Форма – мектептің бренді, тәрбиелік мәні бар. Дегенмен, ата-аналардың қаржылық жағдайын да ескерген жөн. Мүмкін, бірыңғай форма міндетті емес, бірақ арзан әрі қолжетімді нұсқасын бекітуге болады. Ең бастысы – оқушының мектепке ұқыпты келуі мен сабаққа дайын болуы.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БИТІМГЕР

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы 2009 жылы Семей полигоны жабылған 29 тамызды – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық күн деп жариялаған еді. Жақында Жапонияның Хиросима префектурасының губернаторы Хидехико Юдзаки Астанаға жұмыс сапарымен келіп, кездесу барысында ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ақан Рахметуллинмен Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне орай қйымдастырылатын іс-шаралар туралы пікір алмасқан болатын. Олар сондай-ақ, ядролық қаруды қолдануға тосқауыл қою және сынақтардан зардап шеккендерге көмек көрсету, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі күш-жігерге ерекше назар аударды.

Бастамалар әлемдік саясатта басымдыққа ие

Осы арада биыл құрылғанына 16 жыл толғалы отырған Ядролық қауіпсіздік және ядролық қарусыз әлем көшбасшыларының жаһандық альянсы (GAL) туралы да айтпай кетуге болмас. 2019 жылы «Астана» клубының бесінші отырысы барысында Қазақстанның Тұңғыш Президентінің бастамасымен құрылған бұл ұйым соңғы жылдары сырт көзге жұмысы күрт бәсеңдегендей көрінгенімен, ғаламдық қауіпсіздік тұрғысынан маңызын әлі жойған жоқ. Өйткені Н.Назарбаевтың: «Біз ядролық қарусыздану туралы қолданыстағы келісімдердің эрозияға ұшырауын тоқтату қажеттігі туралы бірнеше рет айтқан болатынбыз. Келесі жылы ядролық қаруды таратпау туралы шарттың шолу конференциясы қарсаңында біз осы құжаттың негізгі ережелерін әмбебап ету қажеттігін растаймыз. Менің ойымша, Келісімнен шығу ЯҚТШ тараптары үшін халықаралық жауапкершіліктен құтылу үшін даңғыл бола алмайды және ол БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің деңгейінде тиісті қарарлармен нығайтылуы тиіс», – деген сөзі әлі өзекті күйінде қалып отыр. Оған Израил мен АҚШ-тың биыл Иранды «ядролық қару жасауға қауқарлы» деген күдікпен бомбылауы нақты дәлел бола алады. Өкінішке қарай, бұл оқиға кезінде әлемнің 45 елінен 100-ге жуық көрнекті саяси көшбасшы мен халықаралық сарапшылардың басын біріктіретін бұл ұйым тарапынан ешқандай алаңдаушылық болмады.

Ал Ядролық қауіпсіздік және ядролық қарусыз әлем көшбасшыларының жаһандық альянсы құрылған кезде алдына ядролық қарудың таралуына және қолданылуына жол бермеу, ядролық қауіпсіздікті нығайту мақсатын қойған еді. Оны басшылыққа ала отырып, негізгі үш фокус-бағыт анықталған болатын.

Олар: Ядролық қаруды бірінші рет қолданудың болмауы; Қауіпсіздіктің теріс сенімі, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті арттыру бағытындағы практикалық қадамдар ретінде Антарктида, Ай, Теңіз түбі және Ғарыш кеңістігі сияқты географиялық негізде ядролық қарудан азат жаңа аймақтар (NWFZ) құру; Ортақ қауіпсіздік және адам қауіпсіздігі арқылы ядролық қарусыз жаһандық қауіпсіздікке қол жеткізу. Альянс сондай-ақ, Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың (ЯҚТШ) сақталуын күшейтуге баса назар аударады және Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа (ТБКЖ) қатысушы болып табылмайтын мемлекеттерге қол жеткізу үшін мазмұндық және бағыт күш-жігер жұмсайтынын жариялаған еді.

Ядролық қауіпсіздік және ядролық қарусыз әлем көшбасшыларының жаһандық альянсының стратегиялық жоспарлау тобының мүшелері 2023 жылғы 6 желтоқсанда Венада өткен екінші кездесуінде барлық қатысушылар ядролық қаруды бақылауға алаңдаушылық білдірген.

Онда Жаһандық қауіпсіздік институтының президенті Джонатан Гранофф ядролық қауіп-қатерді төмендетуге ұмтылған барлық ұйымдардың «бір дауыспен» сөйлеуі өте маңызды екенін қоғам назарына ұсынды.

Ал Ядролық қаруды таратпау және қарусыздану жөніндегі парламентарийлердің жаһандық үйлестірушісі Алин Уэр БҰҰ-ның Боллашак саммитінде GAL SPG ашық хатын бөлісуді және БҰҰ-ның 2030-2045 жылдарға арналған орнықты даму мақсаттарының күн тәртібіне ядролық қарусыздану мен таратпауды енгізу бойынша жұмыс жүргізуді ұсынды.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

Жемқорлық – мемлекеттік қызметші имиджіне теріс әсер етеді

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің қоғамдағы бейнесі еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен маңызға ие. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігі мен моральдық қасиеттері, сондай-ақ қоғаммен өзара іс-қимыл деңгейі мемлекеттің қоғамдық бейнесін айқындайды. Жақсы имидж мемлекеттік қызметшілердің тек қана жұмыс нәтижесін емес, сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін көрсетеді. Ол бірнеше факторға байланысты:

Қоғамдық пікірге әсері: мемлекеттік қызметшілердің имиджі халықтың билікке деген сенімін қалыптастырады. Мысалы, егер мемлекеттік қызметшілер кәсіби және адал болса, бұл жалпы мемлекеттік органдарға деген сенімді арттырады.

Саяси тұрақтылықты қалыптастыру: мемлекеттік қызметшілердің жоғары имиджді ұстануы әлеуметтік қақтығыстардың алдын алып, елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі: профессионалды және этикалық тұрғыда жауапкершілікті мемлекеттік қызметшілер тиімді және уақытылы шешімдер қабылдай отырып, экономиканы дамытып, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға үлес қосады.

Мемлекеттік қызметші имиджі бірнеше фактор негізінде қалыптасады. Кәсіби деңгей және құзыреттілік: мемлекеттік қызметшінің кәсіби білім деңгейі мен жұмыс тәжірибесі оның міндеттерін тиімді орындауына және дұрыс шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді.

Моральдық және этикалық қасиеттері: адалдық, ашықтық, жауапкершілік және қызметтік міндеттерін орындаудағы ұқыптылық – мемлекеттік қызметшінің маңызды сипаттамалары.

Қазақстанда коррупциямен күрес басты назарда тұрады, себебі ол билікке деген сенімді бұзады. Қазақстанда мемлекеттік қызмет жүйесі соңғы бірнеше жылда елеулі реформалардан өтті. Мемлекеттік қызметшілерді дайындау үшін Президент жанындағы Мемлекеттік басқару мектебінің құрылуы маңызды қадам болып саналады. Сонымен қатар «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында мемлекеттік

органдардың ашықтығын арттыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалану ерекше назарда.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің имиджін көтерудің қиындығы да аз емес. Соның ең елеулісі – коррупция. Мемлекеттік органдар тарапынан жасалып жатқан шараларға қарамастан, сыбайлас жемқорлық әлі күнге дейін мемлекеттік қызметшілердің имиджіне теріс әсер етіп отыр. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер жоғары моральдық стандарттарға сәйкес өз қызметтерін орындауы тиіс.

Кейбір салаларда кәсіби деңгейдің төмендігі де аяқтан шалады.



Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің білімін жетілдіру бойынша курстар өткізілсе де, белгілі бір салаларда кәсіби мамандардың жетіспеушілігі байқалады, бұл мемлекеттік қызметтің тиімділігін төмендетеді.

Қазақстанның кейбір азаматтары мемлекеттік қызметшілерге сенімсіздікпен қарайды. Бұл көбінесе тарихи және әлеуметтік факторларға байланысты болуы мүмкін. Мемлекеттік қызметшілердің имиджін жақсарту үшін ұзақ мерзімді жұмыстар қажет.

Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің имиджін арттыру үшін бірнеше бағытта жұмыс істеу қажет. Ең алдымен мемлекеттік қызметшілерді даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту өзекті. Себебі мемлекеттік қызметшілерді жоғары кәсіби деңгейде дайындау және моральдық тәрбиелеу мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырады.

рудың негізі болып табылады.

Коррупциямен күресті күшейту кезек күттірмейді. Мемлекеттік қызметшілердің адал және әділ болуын қамтамасыз ету үшін коррупциямен күрес шаралары ұзақ мерзімді әрі кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Қоғамның әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және азаматтардың мемлекеттік қызметке қатысуын ынталандыру – бүгінгі қоғам талап етіп отырған міндеттің бірі. Мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру және азаматтармен тығыз байланыс орнату да салаға деген сенімін арттырады.

Бұдан бөлек, цифрлық технологияларды қолдану бойынша да кең

көлемді жұмыстар жүргізу қажет. Мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру және имиджді жақсарту үшін ақпараттық технологияларды қолдану, ашықтықты және қолжетімділікті қамтамасыз етуде кең көлемді жұмыстардың жүргізіліп жатқаны да сондықтан.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің имиджі – тек жеке қасиеттер немесе сыртқы келбет қана емес, ол мемлекеттік қызметтің барлық бағыттарының тиімділігін, азаматтарға деген адалдық пен жауапкершілікті көрсететін кешенді құбылыс. Осы аспектілерді дамыту арқылы мемлекет азаматтармен қарым-қатынасты нығайтып, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ете алады.

Айдана КАРИБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы
Риддер қалалық соты
әкімшісінің басшысы

СОТ ІС ҚАРАДЫ

2025 жылдың маусым-тамыз айларында Өскемен қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған соты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабының 6-бөлігі бойынша бірқатар істерді қарады. Бұл бап – көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде басқару құқығы жоқ адамның жүргізуі үшін жауапкершілік белгілеуді көздейді.



Мас жүргізуші қоғамға қатер

Аталған баптың санкциясы 20 тәулікке әкімшілік қамауға алуды қарастырады. Барлық құқық бұзушыларға дәл осы жаза тағайындалды. Бірінші жағдай: 2025 жылғы 22 маусымда орын алды. Азамат И. мемлекеттік нөмірсіз Caser маркалы мопедті Өскемен қаласындағы Конечный тұйық көшесінде мас күйде басқарған. Сондай-ақ оның көлік жүргізу құқығы болмаған. Сот оған 20 тәулікке әкімшілік қамау жазасын тағайындады. Екінші жағдай: 2025 жылғы 8 шілдеде тіркелді. Қала тұрғыны З. деген азамат жүргізуші куәлігінсіз LADA 21144 автотөлігін Самсоновка ауылындағы Шос-

сейная көшесінде басқарған. Полиция тоқтатқан сәтте ол мас күйде болған. Сотта кінәсін толық мойындады. 9 шілдедегі сот қаулысымен оған 20 тәулікке әкімшілік қамау жазасы берілді.

Үшінші жағдай: құқық бұзушы М. деген азамат 2025 жылғы 3 тамызда Пограничная көшесінде ұсталды. Ол мемлекеттік нөмірсіз Caser RC110N-A маркалы мотоциклді мас күйде, жүргізуші куәлігінсіз басқарған. 4 тамыздағы сот қаулысымен М.-ға 20 тәулікке әкімшілік қамау жазасы тағайындалды. Төртінші оқиға 2025 жылғы 11 тамызда тіркелді. Азамат П. Toyota Exiv автотөлігін мас күйде басқарып, жыл-

дамдықты сақтамаған. Нәтижесінде рөлге ие бола алмай, көше жарығы бағанасына соғылған. Апат Өскемен қаласында орын алып, салдарынан «Altay VKO» ЖШС-не материалдық шығын келтірілген. Жүргізушінің көлік басқару құқығы болмаған. Сот оны кінәлі деп танып, 20 тәулікке қамау жазасын тағайындады.

Сот мас күйде, әсіресе жүргізуші куәлігінсіз көлік жүргізу жол қозғалысы қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіретінін атап өтті. Мұндай жағдайларда жаза-лау барынша қатаң қолданылады, бұл осындай әрекеттердің алдын алу және қайғылы оқиғалардың болмауы үшін жасалады.

Ш.ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласы
әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған соты
әкімшісінің басшысы

ЖЕГІҚҰРТ

ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында айқындалған. Аталған заңның 4-бабында азаматтар мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және лауазымды адамдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға және жолын кесуге жәрдемдесуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлауға міндетті екені жазылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда сот жүйесінің рөлі ерекше. Тәуелсіз және әділ сот – азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілі. Конституцияның 77-бабына сәйкес, судьялар тек Конституция мен заңға бағынады, ал олардың қызметіне қандай да бір араласуға тыйым салынады. Сот билігі заңның үстемдігін, бейтараптылықты және процесс қатысушыларының теңдігін қамтамасыз етуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте қоғамның белсенді ұстанымынсыз оң нәтижеге жету мүмкін емес. Бұл саладағы азаматтық жауапкершілік мыналарды қамтиды:

1. Жеке адалдық – пара беруден және алудан, заңсыз схемаларға қатысудан бас тарту.
2. Құқық бұзушылықтар туралы хабарлау – сот жүйесін-

дегі заң бұзушылықтармен қоса сыбайлас жемқорлық фактілері жөнінде уәкілетті органдарға ақпарат беру.

3. Ағарту және тәрбие – өскелең ұрпақта сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті, заңға және адал еңбекке құрмет сезімін қалыптастыру.

4. Мемлекеттік бастамаларды қолдау – сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларға, жобаларға және қоғамдық қозғалыстарға қатысу.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Осыны әр азамат есінен шығармауы тиіс.

Н.ТАНАБАЕВА,
Батыс Қазақстан облысы
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық соты
әкімшісінің бас маманы

СҰХБАТ

Мұрат АБДЫҒҰЛОВ,
«Қонаев» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы:

«ӘРБІР ЖОБАНЫҢ ТҮРҒЫНДАРҒА ПАЙДА ӘКЕЛГЕНІ МАҢЫЗДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өңірде сонымен қатар, өсімдік шаруашылығын дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. «Алматы облысының өсімдік шаруашылығын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасын» жүзеге асырудағы қаржыландыру су үнемдеу технологияларын енгізуге мүмкіндік беріп, суармалы жер көлемін 2001 гектарға ұлғайтты.

Биыл біз «Кең Дала-2» бағдарламасын жүзеге асыруды бастадық. Ол аграршыларға көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізуге көмектеседі. Бағдарлама аясында 3 млрд теңге бөлініп, 13 мың гектардан астам егіс алқабын өңдеуге бағытталды. Сондай-ақ, өңірде көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізу үшін 5 млрд теңге көлемінде қаражат тартылды.

Мал шаруашылығында қандай жетістіктер бар?

Сүтті мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында корпорация 15 млрд теңгеге 13 сүт-тауарлы ферманы қаржыландырды. Қаражат 5 мыңнан астам асыл тұқымды сүт бағытындағы сиыр сатып алуға, фермаларды жаңғыртуға және ауыл шаруашылығы техникасын алуға бағытталды. Мұндай жаңғырту өңірдегі жылдық сүт өндірісін 5 мың тоннаға арттырды. Кәсіпорындар толық қуатында жұмыс істегенде жылына 68 мың тонна сүт өндіру және 700-ден астам адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, «Алматы облысының мал шаруашылығын дамытудың 2023-2027 жылдардағы жоспары» бағдарламасы аясын-

да жеңілдікпен 19 шаруашылыққа 5 мыңнан астам асыл тұқымды ірі қара және 1300 ұсақ мал сатып алуға қаржы бөлді.

Халықтың тұрмысын жақсартуда тұрғын үй құрылысының орны ерекше. Бұл бағытта не істелді?

2024 жылы Іле ауданында «Galamat» көп-пәтерлі тұрғын үй кешені жобасын аяқтадық. Соның арқасында өңірде 9 909 шаршы метр жаңа тұрғын үй пайдалануға берілді. Конкурс нәтижесінде жергілікті атқарушы орган кешеннің үш блогынан пәтерлер сатып алып, оларды Алматы облысының әлеуметтік осал азаматтарына берді. Төртінші блок бойынша конкурс әлі аяқталған жоқ.

Қазіргі таңда ӘКК Қонаев қаласында жалпы ауданы 156 мың шаршы метрден асатын «Самұрық» тұрғын үй кешені жобасын іске асыруда. Мұнда тұрғын үйлермен қатар балабақша, емхана және әлеуметтік инфрақұрылым нысандары салынады. Жалпы инвестиция көлемі 65 млрд теңгеден асады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияға азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру міндеті жүктелген. Бұл іс қалай жүзеге асуда?

Біз екі негізгі тетікті қолданамыз: өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және өндірушілерге жеңілдетілген қарыз беру. Тұрақтандыру қорына қант, май, жарма, көкөніс және басқа да тауарлар кіреді. Олар нарық бағасынан 15-20 пайызға төмен сатылады. Сонымен қатар, біз өндірушілерге қолжетімді бағаны ұстап тұру үшін айналым қара-



жатын толықтыруға жеңілдетілген несиелер береміз.

Баға тұрақтандыру тетіктері – тұрақтандыру қорын қалыптастыру және өндірушілерге жеңілдетілген қарыз беру – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны ұстап тұруға ғана емес, жалпы жылдық инфляцияны тежеуге де оң әсер етті. Осы кешенді шаралар Алматы облысында инфляцияны ел бойынша ең төмен деңгейлердің бірінде – 10,7% (Қазақстан бойынша – 11,8%) деңгейінде ұстауға көмектесті.

Сатып алу және келісімшарттар жасауда қандай тәсілдер қолданылады?

Бүгінгі таңда біз жалпы сомасы 150 млн теңгеге жуық 112 келісімшартқа қол қойдық. Оның 57-сі қызмет көрсетуге қатысты. Барлық рәсімдер заңнама мен ашықтық қағида-тарна қатаң сәйкес жүргізіледі. Біз келісімшарттардың орындалуы мен

серіктестердің қаржылық жағдайын тұрақты бақылап отырамыз, бұл қаражаттың тиімді жұмсалыуына кепілдік береді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының ендігі жоспары қандай?

2025 жылдың екінші жартыжылдығында кемінде 10 бірлескен инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Қонаев қаласында әлеуметтік павильондар желісін кеңейту ойымызда бар. Тұрақтандыру қорының көлемін ұлғайту, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына, өнеркәсіпке және туризмге жеке инвесторларды тарту да маңызды. Біздің міндетіміз – өзіміз қатысатын әрбір жобаның Алматы облысы тұрғындарына нақты пайданы әкелуін қамтамасыз ету.

Сұхбатыңызға рақмет.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

АКЦИЯ

Шымкентте заңның үстемдігі мен әділетті қоғам құру қағидатын тұғыр еткен іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Құқықтық сананы арттыру, құқық бұзушылыққа «нөлдiк төзімділік» қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту, қауіпсіз орта орнату – бәрі де осы бағыттағы кешенді саясаттың құрамдас бөлігі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА НЕГІЗ ҚАЛАҒАН 30 КҮН

«ӘР АЗАМАТҚА – ЗАҢДЫҚ КӨМЕК!»

Осы мақсатта Шымкент қаласындағы «Достық» үйінде ҚР Конституциясының 30 жылдығына арналған ауқымды акция ұйымдастырылған еді. «Әр азаматқа – заңдық көмек!» деген тақырыппен өткен бұл шараға белгілі адвокаттар, нотариустар, медиаторлар, Шымкент қалалық ҚХА жанындағы этномедиация кеңесінің мүшелері және басқарма өкілдері қатысты. Айтулы шарада тұрғындар өздері бетпе-бет келіп отырған қиындықтармен бөлісіп, соған қатысты білікті мамандардан тегін құқықтық кеңес алды.

Аса ауқымды әрі кең форматты іс-шараның өтуіне Шымкент қаласы Әділет департаментінің басшысы Айнур Исабекова бастаған ұжым мұрындық болған еді. Шарада тұрғындар көбінесе сот орындаушыларға байланысты мәселелермен жүгінді. Соңғы жылдары Әділет министрлігі бұл салада цифрлық

Соттың құрылуы – халықтың қолдауына ие болған игі бастамалар.

Құқықтық мәдениетті арттыру – тек кеңес берумен шектелмейтіні анық. Бұл бағытта «Қауіпсіз қоғам» және «Қауіпсіз ел» ұлттық жобалары шырайлы қалада іс жүзінде жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Мақсат – құқық қорғау органдарына сенімді арттыру, тұрғындарды заң бұзушылыққа мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеу.

Мәселен, Шымкент қаласы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы интернетте көлеңкелі істермен айналысатын сайттарға бақылау мен күресті күшейткен. Тек 7 айдың ішінде ғана есірткі заттары мен психотроптарды насихаттайтын 1243 сайт, әлеуметтік желідегі парақшалар мен арналар анықталып, бұғаттау үшін ақпараттық жүйеге енгізілді. Бұл іске кибер-еріктілер де жұмылдырылған.

Жүйеге енгізілген соң арнайы сарапшылар парақшаларды құқықтық тұрғыдан зерделеп,



сервистерді дамытып, халыққа заң көмегін жедел әрі қолжетімді ететін жаңа тетіктерді енгізіп келе жатқанын атап өткен жөн.

Акция барысында отбасылық, еңбек, мүліктік дауларға қатысты күрделі мәселелер көтеріліп, кәсіби заңгерлер даулы жағдайларды шешудің заңды жолдарын егжей-тегжейлі түсіндірді. Мұндай ашық есік күндері мен құқықтық кеңес беретін шаралар жыл соңына дейін жалғасын таппақ.

АТА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТ ТҰҒЫРЫ

Ата Заң талаптарының сақталуы елдің демократиялық бағытқа қадам басуының басты алғышарты. Биыл – еліміздің бас құжаты Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толды. Осыған орай Шымкентте «Ата Заң – тәуелсіздік тірегі» ұлттық жоспары аясында «Мерейлі 30 күн» іс-шаралар топтамасы басталған еді.

Шымкент қалалық кәсіподақ орталығының төрағасы Бауыржан Әлтеев бұл шараның мән-маңызына ерекше тоқталып өтті.

Еліміздің Ата Заңының қабылданғанына биыл 30 жыл толды. Конституция – елдің егемендігі мен тұтастығының басты тірегі. 2022 жылғы конституциялық реформалар адам құқықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтергенін атап өткіз келеді. Ендігі кезекте осы өзгерістердің әр азамат өмірінде нақты сезілуін қамтамасыз ету – басты міндет. Ол үшін қоғам да, сана да жаңғыруы керек. Жастар білімді, елжанды болып өсуі тиіс, – дейді Бауыржан Әлтеев.

Оның пікірінше, Конституцияға енгізілген түзетулер – ашық әрі әділетті қоғам құрудағы аса маңызды қадам. Жер қатынастарына қатысты түзетулер, Конституциялық

нақты негіз болған жағдайда бұғаттау туралы шешім қабылдайды. Мұндай жұмыс – жастарды есірткі қылмысы мен тәуелділіктен қорғауда шешуші рөл атқарады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНА

Қалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда мектептер мен жоғары оқу орындарында, сондай-ақ еңбек ұжымдарында дөңгелек үстелдер, ашық әңгімелер, тренингтер жиі өтуде. Басты идея – «Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі» қағидатын санаға сіңіру болып отыр.

Шымкент – әлеуметтік-экономикалық тұрғыда серпінді дамып келе жатқан мегаполис. Сондықтан инфрақұрылымдық жобалар, инвестиция тарту, шалғайдағы шағынаудандарды жаңарту – бәрі де әділетті қоғам құруға қосымша алғышарт болмақ.

Алайда қоғамның даму деңгейін тек экономикалық көрсеткіштермен өлшеу жеткіліксіз. Шынайы өркениеттілік – құқықтық мәдениет пен заңға құрметтен көрінеді. Осыған орай қалада құқықтық ағарту жұмыстарын, ашық есік күндері мен тегін кеңес беру акцияларын өткізу тұрақты дәстүрге айналмақ.

Ата Заңның халықтың қорғанына айналғанына отыз жыл. Бұл уақыт әрбір азаматтың өз құқығын қорғаудағы білім-білігін арттырып қоймай, құқықтық қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігін көтеруге жеткілікті екені рас.

Майра ТОҚАНОВА,
Шымкент қаласы


КӨЗҚАРАС

Ақын шығармалары – айқын бағдар

Биыл ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толып, оның қазақ руханиятына қосқан өлшеусіз үлесі кең көлемде насихатталуда.

Абайдың білімге деген шексіз құштарлығы әкесі ұйымдастырған ауыл мектебінен басталды: кішкентай кезінде ол араб және парсы тілдерін үйреніп, Құранның мән-мағынасына бойлады. Кейін Семей қаласындағы қазақ-қырғыз училищесі мен орыс-қазақ мектебінде оқып, орыс классиктері мен батыс философиясына алғаш рет бет бұрды.

Өмірінің соңына дейін ізденіске толы сапарлар мен өзге мәдениеттермен жүздесу нәтижесінде Абай қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтеретін шығармашылық қуат жинады. Оның «Желсіз түнде жарық ай» сияқты өлеңдері табиғат сұлулығы мен адам сезімінің нәзіктігін үйлестірсе, «Қара сөздері» адамгершілік, әділет, еңбек пен қоғам туралы зерделі ойларын қалың оқырманға жеткізді. Абай талғаулы лирикалық пішіндерге ерекше мән бере отырып, қазақ



Айдана ӘБДУӘЛИЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маман – сот отырысының хатшысы

тілінің әсемдігін, байлығын ашып көрсетті; оның әр мұңлы жыры жоғарғы эстетикалық талғаммен жұптасты.

Ақынның аудармашылық еңбегі де айрықша: ол Пушкин, Лермонтов сынды орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тілінің заңдылықтарына икемдеп жеткізіп, терминологияға жаңа сөздер қосты. Сол арқылы қазақ тіліне ғылыми-танымдық, поэтикалық лексиканы бейімдеді, жаңа ұғымдарды енгізіп, оқырманға әлем әдебиеті мұрасын қолжетімді етті. Абай аудармаларының баршаға түсінікті әрі көркем тілі әлі күнге оқулық, тәрбие құралы ретінде қолданылады.

Қазіргі кезде ұлы ақынның мұрасы мектеп пен университеттердің оқу бағдарламасында басты орын алып қана қоймай, «Абай апталығы» аясында өтетін әдеби-танымдық кештерде, республикалық конференциялар мен қоғамдық пікірсайыстарда талданады. Қала мен ауылдың кешелері, мектептер мен мәдени орталықтар Абай атын иеленіп, оның өсиеттері жастарды білімге, ізгілікке баулиды.

Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен шығармашылығы бүгінгі қазақ қоғамына да айқын бағдар: ол ұлт болмысын жаңғыртып, рухани кемелденудің алтын көпірін салды. Оның көтерген идеалдары – адамгершілік, ізгілік, әділеттік – заман ағымына бағынбай, кейінгі ұрпақтың жүрегінде мәңгі жасайды. Осы асыл мұра арқылы біз ұлттық бірегейлікті сақтап, болашаққа сеніммен қарайтын кемел ұлт қалыптастырамыз.

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Жаңғырған заңдардың қозғаушысы – халық

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек» деген екен. Біздің еліміздегі заңдылық пен дамудың тамырында да осы үш шарт жатыр. Соның ішінде жаңа заңдарды қабылдап, заңнамаларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қолға алғанда да алдымен халықтың талап, ниетіне көңіл бөлініп, одан кейін құжаттың сол талап үдесінен шығатындай сауатты, сапалы дайындалуына күш жұмсалады. Ал осы мақсатты тірліктің түйіні біреу – ол елдегі ортақ тәртіпті сақтауға, жалпы жұртшылықтың заңға, тәртіпке бағынуына негізделген. Бүгінде қабылданған, жаңғырған заңдардың да қозғаушысы – халық.

2025 жылғы 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы да сондай азаматтар мүддесін көздеген, халықтың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға бағытталған маңызды құжаттың бірі. Аталған заңның түпкі мұраты қылмыстық-құқықтық саласын жетілдіру, қылмыстық процестің жарыспалылығын нығайту, қылмыстық процесті барынша оңтайландыру, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін нығайту. Мұнда ел үшін үнемі талқыланып, қоғамның назарында жүрген бірқатар құқықтық мәселелер заңдық тұрғыдан жаңаша шешімін тапқан.

Соның ішінде аталмыш заңнамада азаматтарды негізсіз қылмыстық қудалау аясына тарту тетіктерін болдырмауға басымдық берілді. Әсіресе заңнан көрініс тапқан сталкинге, дропперлікке, некеге мәжбүрлеуге, заңсыз банк, микроқаржы және коллекторлық қызметке қатысты қылмыстық жауапкершілік белгілейтін құқықтық тетіктер қоғам ішінде қызу талқылануда. Сондай-ақ, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаны ауыстыру және соттылықты жою нормаларының да нақтыланғаны қоғам күткен игі өзгерістің бірі болып отыр. Бұған қоса өмір бойына бас бостандығынан айырудан босатылатын адамдар санының кеңейтіліп, жасөспірімдерге, әйелдерге, мүгедектерге және көрі ер адамдарға арналған жаза мерзімдерінің шегіне қатысты жаңғыртулардың да заман талабынан туғаны ақиқат.

Жалпы, заңдарды ізгілендіру, сот-

талушылардың түзелуіне, жаңа өмір бастауына мүмкіндік беру бағытындағы жұмыстар – зайырлы мемлекеттің басты мүддесі. Сондықтан, Қылмыстық-атқару кодексіне жазаларды орындау тәртібін жетілдіру, пробация қызметтерінің жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын жақсарту, сотталғандардың құқықтық мәртебесін арттыру бойынша өзгерістердің енгізілуі түрме тұрғындарын азайтып, азаматтардың қайта қылмыс жасауының алдын алуға көмектесетін пәрменді қадам деп бағалағанымыз дұрыс.

Бұл заңдық тетіктер бұған дейін де көпшілік арасында кең көлемде талқыланғаны, тиісті ұсыныстардың айтылғаны белгілі. Азаматтар заңның пәрменіне, төреліктің әділдігіне сенуі үшін бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруға кедергі келтіретін заңдық нормаларды реттеу, кем-кетікті жою қажеттілік. Жаңа өзгерістерден де осындай ізгі ниет байқалады.

Заң қылмыстық істерді электрондық сипатта жүргізуді, қашықтан беттестіруді, айыптау хаттамасын бір құжатқа біріктіруді және интернет-қылмыс бойынша тергеуді жәбірленуші орналасқан жерде жүргізуді көздейді. Бұл да заманауи үрдістер қажет еткен жаңашылдықтың бір парасы. Жаңа заңдағы өзгерістер қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етерін және заманауи қауіп-қатерлердің алдын аларына сеніміміз мол. Заң халық пайдасына қызмет етуі үшін жаңашылдықтары мен артықшылықтарын таныстыру, түсіндіру біздің міндетіміз.

Эльдар РЫСҚҰЛОВ,
Қызылорда облысы
Жаңақорған аудандық сотының
судьясы

МӘСЕЛЕ

Алаяқтар бұған дейін де болған, қазір де бар. Тек қазіргі алаяқтардың «қолы ұзын», айла-әдістері жаңа. Азаматтардың күнделікті тұтынатын алаңы болғандықтан, бүгінгі алаяқтардың аңдығаны – интернет. Интернет-алаяқтыққа қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты қолға алынып, сақтандыру шаралары күнделікті жүргізілгенімен, зардап шегетіндердің қатары азаймай келеді.

2025 жылы Қазақстанда интернет-алаяқтық бойынша 14 мыңнан астам іс тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға көп. Соның салдарынан



жәбірленушілерге келтірілген залал көлемі 6 млрд теңгеден асқан. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметінше, осы шығынның тек 26 пайызы ғана жәбірленушілерге қайтарылған. Осының өзі интернет-алаяқтыққа толық тосқауыл қойылмай отырғанын көрсетеді.

Алаяқтық қылмысының артуына бірнеше негізгі себеп түрткі болып отыр. Оның ең бастысы – азаматтардың құқықтық, қаржылық сауатының төмендігімен байланысты. Мұндай азаматтарды алдау өте оңай. Олар кез келген ақпаратқа сенеді, алаяқтардың айтқанын бірден орындайды.

Екіншіден, мұндай қылмыстың артуына азаматтардың тез баюға, оңай табыс табуға деген құмарлығы түрткі болады. Соның салдарынан интернеттегі «Ұтысқа ие болдыңыз!», «Жүлденізді тезірек алыңыз» деген сипаттағы жетелеуші сілтемелерге

Азаматтар алаяқтарға алданбасын десек...

өтіп, алаяқтарға жеке деректерін оңай ұсынады да, артынан опық жегенін түсініп жатады.

Үшіншіден, кейбір азаматтар деректерді тексеруге құлықсыз, ақпаратты сүзгіден өткізуге салғырт қарайды. «Жақыныңыз көмек күтеді!», «Қарызға ақша бере тұршы» деген мағынадағы хабарламаларға тексермей қаржы аударып, қапы қалатын да осындай азаматтар.

Төртіншіден, сандық техноло-

делдал болғандар жазасыз қалмайды.

Биыл қыркүйек айынан бастап Қылмыстық кодекстің 232-1-бабы қолданысқа енгізіледі. Онда дропперлердің төлем құралдарын үшінші тұлғаларға заңсыз бергені үшін жауапкершілік қарастырылған. Бұл қылмыс үшін қаржылық шектеулер ғана емес, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған. Егер сіздің шоттарыңызды үшінші тұлғалар пайдаланса, дереу банк бөлімшесіне жүгіну немесе онлайн-банкінг арқылы картаны өз бетінше бұғаттау керек. Сондықтан, интернет-алаяқтарға көмек берерде ойланып қадам жасаған абзал.

Прокуратура ұсынған дерекке сәйкес, биылғы жылы елімізде 217 дроппер қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 61 кибертоптың қылмысы әшкереленген.

Бүгінде Ішкі істер министрлігінде кибералаяқтықты анықтаумен айналысатын арнайы департамент құрылған. Республика бойынша жұмысын бастаған «Киберпол» алаяқтарды анықтап қоймай, қылмыстың алдын алуға қатысты жұмыстарды кешенді түрде жүргізуде.

Халықтың құқықтық, заңдық сауатын көтеріп, интернет-алаяқтықтың алдын алу шараларынан еліміздің сот жүйесі де шет қалмаған. Осыған орай заңдардағы алаяқтыққа байланысты шектеулер мен жауаптылық туралы кең көлемді мағлұмат беру үнемі назарда. Сондай-ақ, дропперлықтан сақтандыру, алаяқтықтың алдын алу үшін сот тәжірибесіндегі нақты істер мен материалдар көпшілікке ұсынылуда. «Мың естігеннен бір көрген артық» демекші, сот тәжірибесін көзімен көріп, жазаның салмағын сезінгенде ғана азаматтардың алаяқтық қылмысына сақтықпен қарайтыны ақиқат.

Берік УТЕЕВ,
Ақтау қаласы
мамандандырылған тергеу
сотының төрағасы

ПӘРМЕН

Балалардың алаңсыз өмір сүріп, уайымсыз күш кешуі ата-анасының қамқорлығына байланысты. Ұл-қызының ертеңін ойлағандар отбасындағы жайлылыққа, жанұядағы жарасымдылыққа мән береді. Шаңырақтың түтінінің түзу ұшқанын қалайды. Алайда, ажырасудың көбеюі осындай отбасылық құндылықтардың әлсіреуіне әсер етуде.

Ажырасудың отбасы үшін де, мемлекет үшін де салдары ауыр. Некенің бұзылып, толық емес отбасылардың көбеюі мемлекеттің әлеуметтік жауаптылығын арттырады. Ал ерлі-зайыптылардың екі жаққа кетуі бүтін бір әулеттің әлсіреуіне ғана емес, балалардың тәрбиесіне айтарлықтай теріс әсер етеді. Ажырасқан отбасыларда бұрынғы татулық пен сыйластықты сақтап қалатындар, мәселені ортақ қабылдап, бірігіп шешетіндер өте сирек. Мұндай жанұяларда алиментке байланысты да ешқандай мәселе туындамайды. Өйткені, бала алдындағы жауаптылықты түсінген ата-анасы өзіне жүктелген міндетті ескертпей-ақ орындайды.

Өкінішке қарай, біздегі жұптардың бәрі ажырасу туралы шешімді түсіністікпен, ақылдаса отырып қабылдамайды. Дау, айтыспен аяқталған ажырасудың соңы күйзеліске, ұрыс-керіске ұласады. Мұ-

ның соңы алиментке байланысты түйткілдердің туындауына түрткі болады. Ал үлкендер арасындағы кикілжіңнен ең көп зардап шегетін, әрине – балалар.

Әділет министрлігінің мәліметі бойынша, алимент өндірісі бойынша істер жылдан-жылға кемімей келеді.



Борышкерлер арасында ер адамдар басым. 2025 жылғы есеп бойынша борышкер азаматтар саны 311 мың, бала алдындағы берешегін өтемей жүрген әйелдер саны 11 мыңнан асады.

Елімізде алимент есептеу мен өндірудің заңдық тәртібі Неке және

отбасы кодексінде толық дәйектелген. Алимент ерікті түрде де, тараптардың келісімі бойынша немесе сот шешімі арқылы тағайындалады. Егер ажырасқан жұптар қаласа алимент төлеу туралы ерікті келісім жасай алады. Бұл келісімде алимент сомасы, төлем мерзімі, сондай-ақ

бағуға қатысты ортақ келісімге келмесе, алимент төлеу туралы мәселе сот тәртібімен шешіледі. Бұл жағдайда сот алимент мөлшерін оларды төлеуге міндетті ата-ананың табысына қарай анықтайды, сондай-ақ баланың қажеттіліктерін ескереді. Баламен бірге тұрмайтын ата-ана бала кәмелетке толғанға дейін алимент беру міндеттемесін алады.

Қазір алимент бойынша қарызы қордаланған азаматтардың көпшілігі екінші отбасын құрғанын, табысының аз екенін, алиментті төлеуге қаржылық мүмкіндігі жетпейтінін алға тартып жатады. Мұндай жағдайда мекенжайын жасырып, табыс көзін көрсетпей құзырлы орындардан қашып жүргеннен гөрі, мәселені заңды түрде шешкен дұрыс. Себебі сот арқылы алимент мөлшерін қайта қарауға, мөлшерін өзгертуге толық мүмкіндік бар. Тек отбасылық жағдайы мен табыс көзі туралы анықтама ұсыну міндет.

Борышкерлер алиментті ерікті түрде орындамаған жағдайда, мәжбүрлеп өндіріп алу процесі басталады. Егер борышкер алимент төлеуден жалтарса, екінші ата-ана мәжбүрлеп өндіріп алу рәсімін бастау үшін сот орындаушысына жүгіне алады. Ол үшін соттан атқару парағын алып, оны сот орындаушысы-

на тапсыру қажет. Осы үдеріс шеңберінде борышкердің мүлкі, оның банктік шоттары тыйым салынуы немесе өзге де шектеулер қойылуы мүмкін. Сондай-ақ бала алдындағы міндеттемеден қасақана жалтарған борышкерлерге әкімшілік, тіпті қылмыстық жауапкершілікке белгіленетінін ескерткен жөн.



Бағынұр ЧЕЛЬДЕБАЕВА,
Алматы облысы
территориялық аумағының
жеке сот орындаушысы

СОТ – ӘДІЛДІК АЛАҢЫ

Сот – мемлекеттегі биліктің бір тармағы. Елдегі қауіпсіздік пен әділдіктің, тұрақтылық пен теңдіктің, заңдылық пен тура-лықтың өлшемі де – сот. Сондықтан да отандық соттың дамуы-на, жұмысының жаңдануына үнемі көңіл бөлініп келеді.

Үздіксіз жүргізілген реформалар мен дәстүрлі түрде қолға алынған жаңғыртулардың арқасында отандық соттың беделі биік, мәртебесі жоғары. Оны жыл сайын жүргізілетін сауалнамалардан, азаматтар пікірінен анық аңғаруға болады. 2025 жылғы сәуір-мамыр айларында Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы жүргізген зерттеу нәтижелеріне сай, бойынша, халықтың 60,5 пайызы сот жүйесіне сенім білдіретінін айтқан. Ішінара сенетіндер 28,5 пайызды құраса, сенбейтіндер 5,4 пайыз көлемінде. Бұл көрсеткіштер алдыңғы жылдармен салыстырғанда азаматтардың сот жүйесіне деген сенімнің біршама артқанын айғақтайды. Ал мұндай сенімнің артында үлкен еңбек, үздіксіз ізденіс, ұжымның жанкешті еңбегі тұрғаны айтпаса да белгілі.

Соттың беделінің биік болуы сот құрылымына жасалған мемлекеттің қамқорлығына, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесінің жоғарылығына байланысты. Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде осы бағытта үлкен реформалар жасалып, ауқымды өзгерістер орын алды. Заңдарға толықтырулар енгізіліп, сот жұмысының дұрыс жүйеге түсуіне жағдай жасалды. Соның арқасында кешегі сот пен бүгінгі соттың арасы жер мен көктей. Конституцияға енгізілген жаңғыртулар нәтижесінде судьялардың саяси партияларға мүше болуына тыйым салынды. Сондай-ақ судьяларды тағайындау және қызметінен босату Жоғары Сот Кеңесінің құзыретіне беріліп, судьяларға қатысты арнайы тергеу әрекеттерін жүргізуге рұқсат беру өкілеттігі тек Бас прокурорға тапсы-

рылды. Осының өзі бұл құрылымның тәуелсіздігін бекітіп, мәртебесін айшықтай түсті.

Әсіресе кассациялық соттардың құрылуы – құрылымдағы басты жаңалықтың бірі. 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмысын бастаған үш дербес кассациялық сот төреліктің сапасын арттырып қоймай, азаматтардың сот арқылы қорғану құқығын кеңейтіп, халықтың сенімін нығайтуға ықпал етуді көздейді.

Осы ретте қазақстандық соттағы сандық технология жетістіктерімен мақтансақ артық болмайды. Біздің сот жаңа технология жетістіктерін жетік меңгеріп қоймай, тәжірибеде тиімді қолдана білуімен де шетелдік әріптестерге үлгі болып отыр. Цифрландыру бағытындағы ауқымды ізденістердің арқасында істерді судьяларға бөлу, судьялар қызметін бағалау процесі автоматтандырылды. Сот процестерін онлайн трансляциялау тәжірибесі енгізіліп, сот жүйесінің ашықтығы артты. «Сот кабинеті» қосымша-

сы арқылы азаматтар сотқа арыз беріп, істерінің мәртебесін бақылап отыратын жағдайға жетті. Өзін-өзі ақтаған бұл жүйе бойынша тағы да іргелі ізденістер жасалуда. Әсіресе жасанды интеллектіні енгізудегі жаңашылдықтардың отандық сотты жаңа биікке көтереріне сенім мол.

Мұндай жан-жақты ізденіс сот жұмысының сапасына да оң әсерін тигізеді. Мәселен, Жоғарғы Соттың жартыжылдығында апелляциялық тәртіпте қаралған шешімдердің саны 2,5%-ға азайған. Қылмыстық істер бойынша ақтау үкімдерінің саны 49%-ға өскен. Тергеу органдарының қамауда ұстауға санкция беру туралы өтінішхаттарын қанағаттандыру көрсеткіші 76,6%-дан 63,5%-ға төмендеген. Бұл сот реформаларының дұрыс, тиімді, қажет екенінің дәлелі. Мұндай жаңашылдықтар сот пен халық арасын жақындатып, сенімді жоғарылата береріне күмән жоқ.



Алуа БЕКТУРГАНОВА,
Астана қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

ЖАРНАМА

ӨРТУРА

3. «ЖК Vertex Garden» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 040440000328) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қажымұқан көшесі, 49-үй, 145-бөлме, тел. +7 700 781 88 99.

11. Орал қаласының № 2 сотына 2021 жылғы тамызда БҚО тумасы, 09.08.1972 жылы туған Виталий Александрович Лаврищевті қайтыс болды деп тану туралы өтініш түсті. Өтініш беруші Орал қаласы, Иван Ларин көшесі, 2/2, 90-пәтер мекенжайында тұратын Владимир Александрович Лаврищев болды.

Виталий Александрович Лаврищевтің орналасқан жері мен тұратын жерін білетін адамдар үш ай мерзімде: Орал қаласы, Иван Ларин көшесі, 2/2, 90-пәтер, Владимир Александрович Лаврищевке немесе тел. 8 708 248 59 81, немесе Орал қаласының №2 сотына, судья Б. Б. Басырбаевқа хабарлассын.

17. «LPG Дистрибьюшн» ЖШС (БСН 061140001679) өзіне «RR2» ЖШС-ін (БСН 151040027093) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010000, Байқоңыр ауданы, Өндіріс тұрғын алабы, Өндіріс көшесі, 89/3 үй.

18. «RR2» ЖШС (БСН 151040027093) өзінің «LPG Дистрибьюшн» ЖШС-не (БСН 061140001679) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050013, Бостандық ауданы, Бағанашыл ықшам ауданы, Зеленая көшесі, 16-үй, тел. +7 775 556 36 22.

19. Туберкулез жұқпалы ауруының ошақтарында дезинфекциялық іс-шаралар жүргізу
Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру.

Туберкулез ауруы тіркелген жағдайда науқас ауруханаға жатқызылғаннан кейін жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасынан дезинфекция орталығына қорытынды дезинфекция жұмыстарын жүргізуге тапсырыс түседі. Дезинфекция орталығы мамандары арнайы дезинфекциялық дәрілерді және құрал-жабдықтарды қолдана отырып ауру ошақтарында қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді. Науқастың төсек жабдықтары мен науқаспен жанасқан тағы да басқа заттар арнайы қапқа салынып, дезинфекциялық камерасында 30 минут залалсыздандырылады.

ҚР ДСМ СЭБК

«ҰСО» ШЖҚ РМК

«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» Сауран ауданындағы дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы А.К.СЕЙСЕНБАЕВНА

ТАРАТУ

4. «Аяжан Сауда» ЖШС (БСН 191240000313) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Ескі әуежай көшесі, 2/1 ғимарат.

ТАРАТУ

8. «Спландора» ЖШС (БСН 220940027237) өзінің ерікті түрде таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 366-үй, т.е.б.б. Тел. 8 701 305 79 38.

9. «BESAN BESIN SANAYI VE TICARET ANONIM SHIRKETI (BESAN BESIN SANAI VE TIKARET ANONIM SHIRKETI)» Қазақстан Республикасындағы филиалы, БСН 101241013047 (ҚР, 050016, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 160А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 53-үй, 602-кеңсе, тел. +7 777 677 9827.

15. «MOST» МҰ» ЖШС (БСН 210741000915) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 070003, Өскемен қаласы, Серикбаев көшесі, 1 ұ.1 ж. 319-кеңсе, тел. 8 705 2321790.

16. «Qaganat Stroy Group» ЖШС (БСН 240740021086) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Абай даңғылы, 23, н.1а, тел. 8 708 425 1372.

13. «Бастаушы-AGRO» ЖШС, БСН 131240015370, жоғалған мөрі жарамсыз деп есептелсін.

ЖОҒАЛТУ

13. «Бастаушы-AGRO» ЖШС, БСН 131240015370, жоғалған мөрі жарамсыз деп есептелсін.

МҰРАГЕРЛІК

14. Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің (АҚКК) біліктілік комиссиясы 2025ж. 06 және 08 маусымы аралығында өткен «Қазақстан Республикасының аудиторы» атағын алуға арналған емтихандық сессияны қорытындылай келе, «Аудитор» атағы 2 үміткерге берілгенін хабарлайды. АҚКК біліктілік комиссиясы келесі емтихан тапсырушыларды емтихандарды сәтті тапсыруымен және «Аудитор» біліктілігін алуымен құттықтайды: Абилгазимова Дилара Ернуровнаны; Усенов Ерболат Талғатовичті.

Барлық қызықтыратын сұрақтарыңыз бойынша +7 727 249 76 02, +7 700 304 00 57 телефондары арқылы немесе kvakom@psad.kz электронды поштасына хабарласыңыздар. АҚКК біліктілік комиссиясы.

12. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама. «Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі – Серіктестік), (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы көше, 121) Серіктестік Басқармасының шешімі негізінде 2025 жылғы 23 қыркүйекте 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібі: 3. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы (бірінші жартыжылдық) «Шығыстүстімет» ЖШС қаржылық есептілігін бекіту; 4. «Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындылары бойынша таза табысты уәлетіру.

Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

МҰРАГЕРЛІК

2. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 29.09.1979 жылы туылған, 26.02.2025 жылы қайтыс болған аз. Хожгаалиев Худайберген Тлеповичке мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлердің Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-кеңсеге хабарласуын сұрайды.

5. 2025 жылы 03 мамырда қайтыс болған азамат Кітапбергенова Нурслу Кайрмағамбетовна атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус Амандықова А.А., Атырау қаласы, Авангард 3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсеге хабарласуын сұраймыз.

6. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 06.08.1953 жылы туылған, 18.02.2025 ж. қайтыс болған аз. Джетмеков Сабит Куттыгуловичке, мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлердің Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-кеңсеге хабарласуын сұрайды.

7. 10.01.2025 ж. Құндызбаева Алмакүл Бисімбаевнаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С.Жанакүлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер, тел. 8 705 961 22 01.

ҚАБІРДЕГІ ҚҰПИЯ

ЖОҒАЛҒАН МӘЙІТ

Бірнеше апта бұрын Айман әжей өмірден қайтып, балалары ақтық сапарға арулап шығарып салған-ды. Жақындары ұлап-шулап аяулы ананы ауыл жанындағы зиратқа жерледі. Жарықтық жан баласына қату келіп көрмеген кісі еді. Тірісінде тыныш ғұмыр кешті, алайда мәңгілік жайы жайлы болмаған сықылды. Әлдебіреулер мәйітті қабірден қазып алған екен.

Оны баласы Жақын байқапты. Анығында, келім-кетім кісінің аяғы басылғаннан кейін, анасының басын қарайтуға асай-мүсейін артынып зиратқа барса, бірнеше апта бұрын томпайған төмпешіктің топырақтары жан-жақта шашылып қалыпты. Үңірейіп қалған төмпешікке үрейлене көз тіккен жігіт мәйіттің ұрланғанын ұқты. Ит-құс қазып, тартып кетті деуге келмейді, істің адамның қолынан келгені анық. Оның үстіне, күрек іздері көрініп тұр.

Міне, осы оқиғаның орын алғанына да апта өтті. Жүзге жетер-жетпес үйі бар шағын ауылда әңгіме жатсын ба?! Бір жұма бедерінде бұл масқараны тұрғындар түгел естіді. Құр құлақтанып қоймады, ауылда «Көрбақ» пайда болыпты, қазып, өлгендердің етін жеп жүр екен деген дақпырт желдей есті. Аузы жеңіл әйелдер қосып айтып – өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай етіп бесті. Оған себеп те бар еді. Анау жылдары мұндай іс болған. Жастар мінген көлік аударылып, ішіндегілер қырылып қалған. Кейін солардың да қабірі ашылған болатын, бірақ мәйітке тиіспеген еді. Әруақтың наласынан қорықты ма, сол жолы іс жылы жабылды.

Көп ұзатпай ақсақалдар ақылдасып, зират басына қарауыл қойған еді. Ауылдың азаматтары кезектесіп күзетке шықты. Бірақ бәле байқалмады. Моланың басына кім түнесін?! Кейін кезекшілік те көп ұзамай сыырқұйымшактанып кетті. Ендігі жағдай мынау...

Бұл кезде ауыл инспекторы Бек тергеп-тексеруді бастаған еді. Академияда жүргенде анан-мұннан естігені болмаса, іске әлі төселмеген. Жалғыз тапқаны – жылқышы қарт Құсейінің сөзі. Күәлік еткен тек сол ғана. Ол ауыл маңынан мотоциклдің ізін байқаған. Малдың соңында жүрген қария адамның да, жануардың да ізін жазбай таниды. Мәшиненің де сырын жақсы біледі.

– Ауылда өзге із пайда болды. Ауданға баратын үлкен жолдан ауылға қосылып, зиратқа қарай барып жүр. Бір бәле келсе – қос аяқты көліктің мисінен келді, – дейді қарт.

– Ақсақал, сенімдісіз бе? Не көп, доңғалақтың ізі көп. Оның өзгеше екенін қайдан білдіңіз?

– Ай, балам, сен бұл ауылды өзің білесің бе? Бізде мотоцикл тек Сақыптың ұлында ғана бар. Қалғаны мұны кәсіп қылмайды. Оның өзі бұзылып, қаңтарылып тұрғалы қай заман болды. – Сонда қылмыскер сырттан келді деп ойлайсыз ба?

– Иә. Қош, бұл да дәтке қуат – бір дерек болар деген үмітпен қоштасып, Бек әрі қарай аттанды. Кабинетіне барып, ұзақ отырды.

Жаңа жерленген зиратты бір білсе, осы өңірдегілер біледі деп топшылады. Сонда күдікке әлгі қарт айтқан Сақыптың ұлы Тұрсын ілінді. Түлкінің қызылдығы өзіне сор дегендей, мотоциклді мінетіндігі бәле болған секілді.

Бек таң азанмен таласып, Тұрсынның үйіне қарай аядады. Қос аяқты көлігі бұзылып тұрған екен. Әрі Тұрсын дегенің ащы судың ізіне түскен, аяқтан тұрмай ішіп жатқанына көп болған. Онысын әйелі де айтты:

– Құрғыр, әдеті – осы. Апталап арақ ішеді. Біздің мазамызды алады. Тіпті әлгі ащы суына өзі бармайды, шиеетей бала-шағаны жұмсап жатқаны. Масыл болды, – деді жары Жұмағұл.

– Жеңгей, Тұрсынның аяққа тұра ала ма? – Оны қайтейін деп едің, өзім зорға ұйықтаттым.

– Әлгі кемпірдің мәйіті ұрланды, естіген боларсыз? Соған қатысты сұрағым бар, жауап алуым керек.

Қысқа әңгімелесудің аяғы айқайға ұласты. Зар илеген Жұмағұл Бектің өзіне бас салды. «Мойнына ілесің бе?!» – деп жөкіп, доқ көрсетті. Сонда да сүйреп, ауылдық бөлімшеге әкелді. Дегенмен, Тұрсын тілге келмеді. Көп ойланбай, қоя берді. Бұл бешара қабірді қазбақ түгілі, алдына қойған асын ішуге әлі жоқ күйде. Әрі Айман әжей – Тұрсынның апасының туған әпкесі. Басқа-басқа, туғанына шауып не көрініпті? Алқаш дегенмен, сау жүргенде адамгершілігі мол жігіт еді. Оған бара қоймас деп ой түйді.

Осы аралықта бұл оқиға журналшы жолдастардың құлағына тисе керек, аудандық газетте ауқымды мақала жарияланды. Атауының өзін айқайлатып қойған: «Қабірдегі құпия: Қызылбаста «Көрбақ» пайда болды ма?!» деген тақырыпты көргенде, ауыл әкімінің төбе шашы тік тұрғаны айтпаса да түсінікті. Тілші де тартынып қалмапты – әкім, инспектор, ауыл ақсақалдарына дейін шыпқыртқан. Кінәлі емес кісі жоқ. Қызметінен айырылып қаламын ба деп қорыққанда көлеңкесінен шошынатын ауыл әкімі аудан орталығынан арнайы топты шақыртуды жөн көріп, телефон шалды. Бәке, Сәкені түгел жағалап, бүгіннен қалмай криминалист келетін болып келісті. Әйтпесе, Бектің әлеуеті белгілі – сөзбалақтап жүрер деді.

Кеш ауа Қызылбас ауылына тергеу тобын бастап, Абылай атты жігіт ағасы келді. Толық есім-сойы – Қайсенен Абылай Әзімханұлы. Өзімен бірге екі жігіт, бір қыз бала ерте келіпті.

Сол түні әкімнің үйіне түнеді.

Азанмен Абылай зиратты жағалады. Көзге көрінетін ештеңе жоқ. Жалғыз дәйек – күрек. Оқиғаның орын алғанына біраз уақыт болғандықтан, айтарлықтай ештеңе табылмады. Мән-жайдың жай-жапсарын анықтаған соң, жедел топ жиналыс өткізді.

– Кәрі кемпірдің мәйіті кімге керек? – деді Абылай.

– Әңгімені әрі қарай Әйгерім жалғастырды: – Тұрғындармен тілдестім, марқұм ұзақ уақыт сырқаттаныпты. Кәрілік те себеп болса керек, кейін дерт дендеген көрінеді.

– Ауылда аурухана бар ма? Ондағылар не дейді?

– Шағын медициналық мекеме бар екен. Главврачпен сөйлестік, секем алатындай ештеңе байқалмады.

Үшінші болып, екеуінің серігі Ержан сөз алды:

– Дәрігерді тергеуге тарту керек. Мүмкін, сол кінәлі шығар?

– Қайдан?

– Енді, емдеймін деп жүріп өлтіріп алған шығар. Айыбы әшкерә болар деп мәйітті басқа жерге жерлеген...

– Сказка! Кәрілік қой, – деп Әйгерім дүрсе қойды.

Жиналыс аяқталды. Абылай ақылдасудан кейін Бекпен бөлек тілдесті. Айтуынша, аурухананың бас дәрігері – Самал есімді келіншек екен. Негізі көрші ауылдың тумасы. Оқу бітірген соң тұрмысқа шығып, осы ауылға тұрақтаған. Алғашында мейірбике болып бастаған ол қазір білдей қызмет атқарады. Дегенмен, барлық жұмыс өз мойнында. Аудан орталығынан қатынап, қабылдау жүргізетіндерді қоспағанда, қарамағында тек екі мейірбике бар. Қысқасы, өзі – қожа, өзі – би. Не керек, Абылай Бекке Самалды тергеуге алдыруды тапсырды.

Ауданнан кәсіби криминалист келді десе, кім-кімнің де зәресі қалмайды. Самал сол сәтте-ақ айтылған жерге алып-ұшып жетті. Тергеу үстеліне отырғаны сол еді, Абылай әңгімесін бастады.

– Кемпірдің мәйітін қайда жерледің? – деді Абылай төтесінен. Дауысында зіл жоқ. Түрінен ештеңе білінбесе де, бұл – тәжірибелі тергеушінің ескі тәсілі. Мұндай сәтте кінәлі адамның бойынан еріксіз алаң мен үрей көрініс беріп қояды.

Самал абдырап қалды. – Ағатай, айып етпеңіз, сұрағыңызды түсінбедім, – деді дауысы дірілдеп.

Абылай әлдебір папканы ашып, ішінен құжат алып, көз жүгіртті де, қайта сөйледі: – Сейітқызы Айман. Бір ай бұрын қайтыс болған. Ресми тіркелген. Бірақ қазір қабірі бос. Мәйіт қайда? – деді үнін баяулатып, бірақ нық сеніммен.

– Мен қайдан білемін?.. – деп күмілжіді Самал. Көзі бірде терезеге, бірде үстелге ауып, мазасыздана бастады.

Абылай кілт тоқтады да, бірден тура қарады: – Самал, сіз айтпағанмен, біз білеміз. Бұл ауылда науқастарға ем жүргізетін маман – өзіңіз. Айманның диагнозын дұрыс қоймағаныңыз. Дерт асқынып, салдары өлімге әкелді. Жауапкершіліктен жалтару үшін өлім актісін қолдан толтырып, «табиғи себептен көз жұмды» деп жаздыңыз.

Абылай сөз арасында үзіліс жасап, Самалдың жан күйзелісін бақылап отырды. Сосын сөзін жалғады:

– Алайда артынан мәйітке эксгумация жасалуы мүмкін деген күдік пайда болды. Өз біліксіздігіңіз ашылып қалмасын деп, мәйітті түн жамылып қабірден қазып алып, оны белгісіз бағытқа алып кеткенсіз. Мақсат – дәлелді жою.

Самалдың бет-жүзіне үйілген Абылай күтіп отыр – кез келген ұсақ мимика, кідіріс немесе демігіп жұтқан тыныс – бәрі маңызды. Бұл – шешуші сәт. Дегенмен, дәрігер сыр алдырмады. Демін ішке тартып, бір сәтке үнсіз қалды. Жанарынан үміт пен күдік хәм қорқыныш байқалады, бірақ сабырмен бекінген сенімділік бар. Қолдарын үстелге жайлап қойып, тыныш қана тіл қатты:

– Ағай, сізге түсінікті болу үшін бірден айтып өтеймін. Сейітқызы Айман – 1952 жылы туған, 73 жаста еді. Бізде тіркелген. Соңғы алты ай ішінде кемі үш рет амбулаториялық бақылауда болды. Диагнозы – созылмалы жүрек жетіспеушілігі, II–III дәрежелі, қосымша гипертониялық ауру, II сатысы, дисциркуляторлық энцефалопатия және жасқа байланысты синильді деменция.

Абылай үндемеді. Самал ары қарай сөзін жалғады:

– Науқас өмірінің соңғы кезеңінде тәуліктік қысымы тұрақсыз болып, систолалық көрсеткіш кейде 180-ге дейін жеткен. Аппетит төмендеген, есте сақтау нашарлаған, жалпы әлсіздік байқалды. Бұның бәрі – қартаюға тән физиологиялық үдерістердің салдары.

– Қайтыс болған күні қандай жағдай тіркелді? – деді Абылай, нағаты сұрақ қойып.

– Ол күні түнгі сағат 2 шамасында шақырту түсті. Барғанымызда науқастың пульсі әлсіз еді. Тынысы үстірт, үзік-үзік. Бұл – терминальді жағдай. Жасанды желдету құралымыз болмаған соң, тек симптоматикалық көмек көрсетілді. Арада 15 минут өткен соң, биологиялық өлім тіркелді.

Осы сәтте Самал сөмкесінен папка алып, ішінен патологоанатомиялық қорытынды, өлім туралы медициналық куәлік және мәйіт тасы-



малдауға рұқсат беретін әкімдік қаулысының көшірмесін ұсынды. Тергеу бөлмесінде үнсіздік орнады. Абылай орнынан тұрып, терезеге қарап біраз тұрды. Сосын құжаттарды үстелге қойып, жымғандай болды:

– Жарайды, Самал ханым. Біліктілігіңіз көрініп тұр. Әзірге сұрақтарым осы. Сіз боссыз, бірақ ауылдан алыстамаңыз.

Мұның бәрін көрген Бек таңғалды. Ауылдың ортаңқол инспекторы үшін бұл көрініс тым әсерлі еді. Абылай әңгімені әрі қарай жалғады: – Дәрігер дұрыс айтып отыр. Білімді-ақ! Қате ем жасаған күннің өзінде өзін оңай ақтап шыға алады. Так что, оған мәйітті жасырудың да, жоюдың да қажеті жоқ. Кез келген тексерістен іліксіз өтіп кете алады.

– Абеке, көрші ауылда бір көріпкел бар. Соған барып көрсек қайтеді? Бұрындары бірлі-екілі мал жоғалғанда, тап басып тауып берген, – деді Бек.

Абылайдың түксие қарағанын көргенде ойланбай сөйлегенін өзі де бірден түсінді. Сөзін әзілмен аяқтап, жайсыздықты жуып-шаймақ болды:

– Бірақ сен бұл жайлы ешкімге айтпа. Ауылдағылар мен тапты деп жүр. Сүйіншісін де алғанмын. Так что, тәуіпті ешкім білмесін.

Бектің сандырағы кәсіби криминалист үшін күлкілі естілді. Бірақ басқа амал да қалмағандай көрінді.

– Неге көрмесің? Кеттік, – деді Абылай. Екеуі 50 шақырым жердегі көрші ауылға аттанды. Оларды алдынан бір кәрі шал қарсы алды. Келбетіне қарап, көріпкел деу қиын еді – кәдімгі қарапайым ақсақал.

Ол ақырды, шақырды, бірлі-екі тасын лақтырып, қысқа қайырды: – Мәйіт жоқ.

Абылай ашуланып кетті: – Ей! Сен ойнап отырмысың? Мәйіттің жоқтығын мен де білем! Қайда кеткенін айт, соны сұрап отырмысың ғой!

– Балам, мәйіт жоқ. Жердің астында да, үстінде де жоқ.

– Енді не, ғайыптан тайып көкке ұшып кетті дейсің бе? – Мүмкін...

Қош, бұлардың келгенінен кеткені тез болды. Осылай жүргенде тағы бір апта өтіп кетті. Абылай да, оның жедел тобы да – дым таппады. Әкім күн сайын кеңес өткізеді. Бір сценарий, бір әңгіме – күнде қайталанатын жағдай.

Ал бүгінгі таң мүлде басқаша атты. Ауылда тағы бір мәйіт қабірінен қазылыпты. Бұл жолы бірнеше жыл бұрын қайтыс болған Шегебай шалдың қабірі ашылған. Сүйегі құрап кеткен марқұм кімге керек болды екен? Абылай бастаған топ зиратқа жетті. Қатарларында Бек те бар. Бұл жолы мәйіт ұрланбапты – жердің бетіне шығарып алып, суретке түсіріп, дәйектер жинап бақты. Алайда көзге ілінерлік ештеңе жоқ. Кейін ішке келіп, түсірілген фотоларды үлкейтіп шығарып қойды. Қанша үңілсе де, ештеңе байқалмады. Әңгімені Бек бастады:

– Шегебай шал кетіп болған екен ғой, – деп әзілдеді. Шынында, екі күрек тісі жоқ екен.

– Иә, рас, – деді Абылай. Сәл кідіріп, сөзін жалғады:

– Қараңдар, тістер күштеп алынған секілді. Жақ сүйегі сәл үгітіліпті. Марқұмның тірісінде түскен фотосы бар ма? Күлімдеген кезі керек.

– Сұраттыруға болады. Немересі менімен бірге оқыған. Қазір хабарласамын, – деді Бек.

Абылайдың күдігі рас екен. Марқұмның суреті келгенде, істің ілігі шыққандай болды. Шегебайдың алдыңғы екі тісі алтын екен. Яғни, ұры күрек тістерін қағып алынған болса керек. Сағымдай көрінген жағдай анықтала түсті.

– Ұры осы ауылдікі болуы мүмкін. Ауылдағыларды тұтас танитын секілді. Себебі, бірнеше жыл бұрын қайтқан адамның аузындағы тісі алтын екенін біліп тұр.

– Рас-ау, Айман әжейдің де алдыңғы тістері алтын еді, – деді Бек.

Іс ұшыға түсті. Екі ұрлықтың да бір-біріне ұқсастығы бар. Ал көлік апатынан қайтыс болған әлгі жастардың жағдайы ше? Үшеуінде де бір қылмыскер болуы мүмкін бе? Осындай сұрақтың жетегінен жедел топ біраз үнсіз отырды. Кейін Абылайдың бұйрығымен бұлар да зиратты күзететін болып келісті.

– Дәніккеннен құныққан жаман, – деп, – тіс қаққыш қайта келеді, әліптің артын бағайық, – деді Абылай.

Не керек, бұлар апта бойы моланың басын

торыды. Ара-тұра ас-су үшін ауылға барғаны болмаса, күні-түні сонда. Ақыры, күдікті көзге түсті. Күзетшілікте Абылай мен Бектің өзі еді.

Жетінші түн. Таңның атуына тақау кез еді. Қалың тұман басқан. Аспан – ауыр, бейіт – меңіреу.

Бір мезет... алыстан тақырға тиген тұяқтың үні естілді. Абылай мен Бек тынып қалды. Қарауытқан тұстан жалғыз салт атты көрінді. Атын жәй ғана жетекке алып келеді. Иығында мылтық. Қимылы – сыралғы. Бейтаныс емес бұл мекен оған.

Салт атты қорымға еніп, үшінші көшенің тұсында тоқтады. Атын жаңғыл арасына байлап, мылтығын сүйеп қойды. Артынан аттың тоқым астынан күрек суырды. Сабы қысқа, бірақ сабалақ істің құралы. Күмән жоқ – ниеті белгілі.

– Мылтық жерде. Жабыла кетейік, – деді Бек ақыры.

– Жоқ. Қазір емес, – деді Абылай сыбырмен. – Ұстасақ, дәл істің үстінде ұстау керек. Әйтпесе бұл да жолаушы кейпіне еніп, сытылып кетеді.

Иә, ол белгілі еді. Мұсылманшылықта бар.

Түн жорытқан жолаушы зиратқа қонатыны бар ғой. Абылай осыны айтқысы келіп, алайда, күдікті естіп қояр деп іштен тынды. Сол сәтте салт атты қазуға кіріскен еді. Шыңылтыр күрек бір рет, екі рет қара жерге кірші етті. Бек тістеніп, әр шапқан сайын тыжырынып отырды. Кенет көзі атыздай ашылып кетті:

– Әкеңнің... Анау – біздің батяның моласы ғой! Оның да тісі алтын еді...

Абылай басын изеді. Бірақ сабырынан айрылмады. Қылмыскер тізеден қазып тастаған кезде ғана Абылай оң қолын зиратқа қарай сілтеді.

Екеуі бірдей ұмтылды. Қылмыскер жалт қарағанымен, үлгермеді. Абылай үстінен қона кетті. Құлаған күйі қазып жатқан қабіріне қарай домалап түсті. Бек жүгіріп барып, қолын қайырып байлады.

– Тыныш! Қозғалма! – деді Абылай. Күдікті бұлқынып көрді. Болмады. Қол байлаулы. Қазған орға өзі сұлап жатыр. Бұл – Сәт еді.

Алты ай өтті. Аудан орталығында Айман Сейітқызының мәйітін ұрлаған күдіктіге сот үкімі оқылып жатыр.

–1984 жылы туған, Қызылбас ауылының тұрғыны Сәт Үкібайұлына Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 314-бабы бойынша, яғни өлген адамдардың мәйіттерін және олар жүзген жерлерді қорлау айыбы тағылып отыр. Күдікті өз қылмысын толық мойындады. Тергеу барысында бар шындықты айтып, жедел тергеу тобына жәрдемдескені, бұрын сотты болмағаны, жетім өсіп, бауырларының жалғыз қамқоршысы екені ескеріле отырып, оған 3 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Жазасын жалпы режимдегі түзеу мекемесінде өтеу белгіленсін. Үкім осы сәттен бастап заңды күшіне енсін және орындалуға жатады, – деді судья.

Қош, Сәт сотталды. Бұрын тіс дәрігері болған ол мәйіттердің алтын тісін қағып алып, соны саудалауды кәсіп етіп келіпті. Кімге қандай тіс қойғанын білетін болғандықтан, осыған басқан көрінеді. Ол бәрін мойындады. Айман әжейдің де, Шегебай қарияның да қабірін қазған – сол. Тіпті, жол апатынан опат болған жас жігіттерге де ұмтылғаны рас екен. Бірақ онысы бос әуре болғанын айтыпты.

Алайда бір жұмбақ – сол күйі ашылмады. Сәт Айман әжейдің мүрдесін қайтадан орнына қойғанын айтты, бірақ... кейін қабір қаңырап қалған. Жер жастанып жатуы тиіс жан жоқ. Із де, белгі де жоқ.

Көпшілік сене алмады. Көңілге қонымыдсы ауыл молдасының айтқаны еді.

– Ертеде, жақсы адамның денесі қараңғы көрде қалмайды, – деген еді ол бірде..

Бұл сөз ауыл ішіне әп-сәтте тарап, әлсанаға айналды. Қарапайым ғана Айман апа – енді ел аузында әулие.

Кейін қабірдің басына құрбан шалып, құран оқытып, қайта көмді. Жамағат жиналды. Жанарлары жәудіреп, оқтын-оқтын көрге қарайды. Бірақ қабір бос. Қалың көлеңке, салқын сыз бір құпияны бауырына бүгетіндей... Оның өзі қара құмның ішінде қала берді.